

"Көмір" мемлекеттік холдинг компаниясын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 8 қазан N 1002. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994.06.29. N 727 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылықты басқару органдарының жүйесін жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1291 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Энергетика және отын ресурстары министрлігінің мемлекеттік кәсіпорындары, өндірістік бірлестіктері, акционерлік қоғамдары негізінде "Көмір" мемлекеттік холдинг компаниясы (бұдан байтай - "Көмір" компаниясы) құрылсын.

2. "Көмір" компаниясы қайта құрылып жатқан "Қазақстанкөмір" Қазақ мемлекеттік корпорациясының мүліктік құқылары мен міндеттерінің құқылы мирасқоры болып табылады деп белгіленсін.

3. "Көмір" компаниясына:

көмір өндіру, шахталар мен разрездерді дамыту, еңбек ету үшін қауіпсіз және салауатты жағдай жасау саласында бірынғай техникалық саясат жүргізуғе;

келешекте саланы дамытудың тұжырымдамасы мен бағдарламаларын өзірлеуді жүзеге асыруға;

ірі-ірі жалпы салалық ғылыми зерттеулер, неғұрлым маңызды ірі жаңа объектілер салу үшін қаржы ресурстарын шоғырландыруға;

ғылыми-техникалық зерттеулер, стандарттау, өндіріс экологиясы және көмір өнеркәсібі ұжымдарының әлеуметтік бағдарламалары саласында стратегия мен тактиканы қалыптастыруға;

саланы дамытудың және жалпысалалық мүдделерді сактауды қамтамасыз етудің мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асыру мақсатында акционерлік компаниялар мен қоғамдарды басқару ісіне қатысуға;

еншілес акционерлік компаниялар мен қоғамдардың байқаушы кеңестеріне өз өкілдерін тағайындауға қатысуға, жергілікті әкімшілік органдарымен бірлесіп белгіленген тәртіппен олардың басшыларын іріктең алғып, бекітуді жүзеге асыруға;

мемлекет мұқтажы үшін көмір беріп тұру жөніндегі тапсырмалар, шаруашылық шарттар, контрактылық және басқа келісімдер негізінде өз

қызметінің жоспарын әзірлеуге, халықта және коммуналдық-тұрмыстық мұқтажға арнап қатты отын жөнелтуді үйлестіруге уәкілеттік берілсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігімен бірлесіп белгіленген тәртіп бойынша:

осыған қосылған тізбедегі бірлестіктер, кәсіпорындар мен ұйымдар құрамында "Көмір" компаниясын құру жөніндегі құжаттар пакетін бір айлық мерзімде қабылдасын;

Компанияның құрамына занда белгіленген тәртіппен кіретін мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың мүлкін иелену, пайдалану және басқару құқығын, сондай-ақ бұрын құрылған акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін иелену, пайдалану және басқару құқығын "Көмір" компаниясына табыстайтын болсын. Мемлекеттік кәсіпорындардың акционерленуіне қарай акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған (II кезең) Ұлттық бағдарламасы белгіленген тәртіпке сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті сататын акциялар пакеттерінен басқасын, "Көмір" компаниясының иеленуіне, пайдалануы мен басқаруына берсін.

5. "Көмір" компаниясының орналасатын жері Алматы қаласы болып белгіленсін.

6. "Көмір" компаниясының басшыларын тағайындау мен бекіту Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру процесінде шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін мемлекеттік реттеу мәселелері" деген 1993 жылғы 14 шілдедегі N 606 қаулысымен белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылсын.

7. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Көмір өндіру, ұқсату, беріп тұру және көмір кәсіпорындарын салу жөніндегі "Қазақстанкөмір" Қазақстан мемлекеттік корпорациясы туралы" 1991 жылғы 27 желтоқсандағы N 803 қаулысының күші жойылған деп саналсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 8 қазандағы
N 1002 қаулысына
қосымша

"Көмір" мемлекеттік холдинг компаниясының құрамына

енгізілген мемлекеттік қесіпорындардың, өндірістік
бірлестіктер мен акционерлік қоғамдардың
ТІЗБЕСІ

"Қарағандықөмір" өндірістік бірлестігі, Қарағанды қаласы
"Екібастұзқөмір" өндірістік бірлестігі, Екібастұз қаласы
"Қарағандышахтақұрылыс" комбинаты, Қарағанды қаласы
"Екібастұзшахтақұрылыс" комбинаты, Екібастұз қаласы
"Карагандагипрошахт" институты, Қарағанды қаласы
Қарағанды ғылыми-зерттеу көмір институты (ҚҒЗКИ), Қарағанды
қаласы
Қазақстан Республикасы кен қорғаушыларының ғылыми-инженерлік
орталығы, Қарағанды қаласы
Әскериленген кен қорғаушылар бөлімдерінің штабы (ӘКҚБ),
Қарағанды қаласы
Кен механикасы мен маркшейдер ісінің Қазақ ғылыми-зерттеу
институты (ҚазҒЗМИ), Қарағанды қаласы
"Баян" кен өндіру кесіпорнының Қаражыра разрезі, Семей облысы
"Приозерный" разрезі, Қостанай облысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК